

## Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Қазақстандық орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 11 қазан 1994 ж. N 1157

"Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 10 маусымдағы N 1727 К941727\_ қаулысын орындау және кәсіпкерлікті дамытудың ғылыми, құқықтық және оқу-әдістемелік базасын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Қазақстандық орталығы құрылсын (бұдан әрі

- О р т а л ы қ ) .

2 . < \* >

3 . < \* >

Ескерту. 2-ші және 3-ші тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.20. N 849 қаулысымен. P950849\_

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласының әкімімен, Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен және Қазақстан Кәсіпкерлер конгресімен бірлесіп, Орталықтың штатындағы адамдары мен ғылыми-практикалық лабораторияларын орналастыру үшін ғимарат бөлетін болсын.

5 . < \* >

Ескерту. 5-ші тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.20. N 849 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

Орталықты шетелдің техникалық көмегінің ауқымында дамытуға қаржы бөлсін;<\*>

Ескерту. 6-тармақтың 3-абзацы алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.06.09. N 809 қаулысымен.

7 . < \* >

8 . < \* >

Ескерту. 7-ші және 8-ші тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.20. N 849 қаулысымен.

9. Орталық басқармасының төрағасына Қазақстан Республикасының министрлеріне дәрігерлік қызмет көрсету шарттары қолданылсын.

1 0 . < \* >

1 1 . < \* >

Ескерту. 10-шы және 11-ші тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.20. N 849 қаулысымен. P950849\_

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 11 қазандағы  
N 1157 қаулысымен

Бекітілген

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Қазақстандық  
орталығының Ғылыми-практикалық кеңесі туралы

Е р е ж е

1. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Қазақстандық орталығының Ғылыми-практикалық кеңесі (бұдан әрі - Орталық) Орталықтың кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды ғылыми, құқықтық, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарын әзірлеу жөніндегі жоғары орган болып табылады.

2. Ғылыми-практикалық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанда Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1994 жылғы 10 маусымдағы N 1727 қаулысын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Ғылыми-практикалық кеңеске мынадай міндеттер жүктеледі:  
кәсіпкерлікті дамытудың проблемаларын ғылыми негіздеу, кәсіпкерлікті мемлекеттік басқару органдарымен, кәсіпкерлік құрылымдарымен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды дамыту проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

кәсіпкерлікті дамыту практикасын қорытып, Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар әзірлеу;

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссияға (бұдан әрі - Мемкомиссия) экономиканың жеке меншік секторын дамыту мәселелері бойынша талдау материалдарын, баяндау хаттарын әзірлеу;

кәсіпкерлік құрылымдарға арналған кадрларды даярлау саласындағы жұмыстарды үйлестіру, кәсіпкерлікті дамытудың оқу-әдістемелік базасын нығайту үшін Мемкомиссияға ұсыныстар әзірлеу;

кәсіпкерлік қызмет үшін кадрлар даярлау ісінде халықаралық ұйымдардан техникалық көмектер алуға жәрдем беру;

кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ететін заң жобалары мен нормативтік құжаттардың жобаларына ұсыныстар әзірлеп, оларды республика Үкіметінің қарауына ұсынып отыру.

4. Ғылыми-практикалық кеңестің:

мемлекеттік басқару органдарынан белгіленген тәртіпте қажетті материалдарды  
а л у ғ а ;

кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар,  
семинарлар өткізуді ұйымдастыруға құқы бар.

5. Ғылыми-практикалық кеңесті төраға - Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің бірінші орынбасары басқарады. Оның құрамына министрліктер  
мен ведомстволардың, кәсіпкерлік құрылымдардың басшылары, ғалымдар, мамандар  
к і р е д і .

6. Ғылыми-практикалық кеңестің мәжілістері хаттамалармен ресімделеді, оларға  
т ө р а ғ а м е н х а т ш ы қ о л қ о я д ы .

7. Ғылыми-практикалық кеңестің жұмысы бұқаралық ақпарат құралдарында ұдайы  
жарияланып отырады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 11 қазандағы  
N 1157 қаулысымен

Бекітілген

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Қазақстандық  
орталығы Ғылыми-практикалық кеңесінің

Құрамы

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары (Кеңес төрағасы)

Мәмбетқазиев Е.Ә. - Қазақстан Республикасының Білім министрі  
(Кеңес төрағасының орынбасары)

Қалмырзаев С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік  
жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының  
орынбасары

Нәрібаев К.Н. - Қазақтың Әл-Фараби атындағы мемлекеттік  
университетінің ректоры

Бисенов М.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
орынбасары

Шәйкенов Н.А. - Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Горячковский В.Н. - Қазақстан Республикасының Статистика және  
талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
төрағасы

Баранов А.П. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
бірінші орынбасары

Мамыров Н. - Қазақ мемлекеттік басқару академиясының  
ректоры

- Своик П.В. - Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Соболев В.В. - Қазақстан Республикасының Еңбек министрі
- Тимкин М.И. - Қазақстан Республикасы Президенті Аппараты жетекшісінің бірінші орынбасары (келісім бойынша)
- Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасы Жиынтық экономика бөлімінің меңгерушісі
- Аханов С.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары
- Көшербаев Қ. - Алматы қаласы, Калинин ауданының әкімі
- Мұхамеджанов Б. - Қазақстан кәсіпкерлері Конгресінің бірінші вице-президенті
- Субханбердин Н. - Қазкоммерцбанкi Басқармасының төрағасы
- Жанатаев Т.А. - Қазақстан кәсіпкерлері Конгресінің вице-президенті